

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2020 жылғы 04 мамырдағы
№ 175 бұйрығына
қосымша

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дизайн саласындағы педагогтеріне арналған «Дизайн саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін компьютерлік бағдарламалар арқылы дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

Бағдарлама авторы:
Стамбекова Жазира
Курмангалиевна – PhD, Дизайн
кафедрасының меңгерушісі

Алматы, 2024

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дизайн саласындағы педагогтеріне арналған «Дизайн саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін компьютерлік бағдарламалар арқылы дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1. Жалпы ережелер

1. «Дизайн саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін компьютерлік бағдарламалар арқылы дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі ТЖКБ) ұйымдарының дизайн саласындағы педагогтеріне арналған.

2. Бағдарлама дизайн саласындағы инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын қолдана отырып, дизайн саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глосарий

Құзыреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі, оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

Шығармашылық – пайда болған міндеттерді әлдеқашан белгілі болған тәсілдермен шешу үшін талап етілетіндердің тысына шығатын жоғары формадағы ойлау.

Бірлескен оқу – бұл тәсілдің аясында оқыту білім берушілер мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып, оқыту үдерісіне қатысушы әрбір жеке тұлғаның жеке үлесі мен қабілеті мойындалады. Үдеріске қатысушылар ақпаратты бірлесіп отырып белсенді іздеу, талқылау, талдау және жинақтау арқылы жаңа білім алады. Жұмыс тиімді болу үшін ынтымақтастық оқу жағдайында өкілеттік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің бірлесіп әрекет етуі арқылы ымыраға, пәтуаға жетуіне негізделген.

Кері байланыс – белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру, онымен келісіп, келіспейтіндігін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір, баға беру, жауапты реакция.

Рефлексия – кең ауқымды пәнаралық ұғым. Ол баға мен сынның көмегімен түсіну мен білімді дамытуға көмектесу үшін, іс-әрекеттерге қарай отырып, үдерісті мұқият сипаттайды. Әдетте, дербес құрылымдарды (құндылықтар, қызығушылықтар, дәлелдер), ойлауды, проблемалардың шешімін, эмоциялық реакцияны, мінез-құлықты және т.б. қамтитын жеке танымның мазмұны мен қызметтері.

Әрекет – ішкі (психикалық) және сыртқы (физикалық) белсенділік болып табылады.

Инновациялылық – адамның жаңаның енгізілуіне деген эмоциялық-бағалаушы қатынасы, көзқарасы.

Жаңашыл педагог – оқыту және тәрбиелеу үдерісіне жаңаны енгізуші тұлға.

Педагогикалық әрекет – кәсіби әрекет түрі, оның мазмұны оқытудан, тәрбиеден, білім беруден, түрлі оқу орындарындағы білім алушыларды дамыту.

Инновациялық әрекет – ол педагогикалық әрекеттің шығармашылық дамуының тәсілі; педагогтің білім беру үдерісін ұдайы жаңартуға, қоғамдастықта жұмыс жасай алуға, оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін құруға қабілеттілігі.

Педагогтің инновациялық әрекеті – білім беру үдерісін ұдайы жаңартып, жаңа леп алып келетін, тоқырау мен тоқтап қалудан сақтайтын маңызды әрекет.

3. Бағдарлама тақырыбы

Модульдер	Тақырыптар
I. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ	1.1 Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары
	1.2 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары
2.БАСҚАРУШЫЛЫҚ	2.1 Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың теориялық аспектілері
	2.2 Білім беру саласында қолданылатын «даму», «басқару», «ұйымдастыру» ұғымдарына тұжырымдамалық талдау
	2.3 Оқу үдерісін ұйымдастыру мен басқарудағы педагогикалық дизайнның негізгі идеялары
	2.4 Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздемесі
	2.5 Дизайндық білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары
3. МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ	3.1 Дизайндық білім беру саласында шығармашылық тәсіл негізінде сабақты жобалау тәсілдері
	3.2 Дизайндық білім беру саласындағы сабақтарды инновациялық түрғыдан құрылымдау әдістері

	3.3 Студентке бағытталған оқытуда кәсіби компьютерлік бағдарламалар сабағы бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері
	3.4 Креативтілік және сыни ойлау арқылы шығармашылық дағдыларын дамыту жолдары
	3.5 Студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістер
	3.6 Кәсіби компьютерлік бағдарламалар сабағында студенттердің қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру ерекшеліктері
	3.7 Кәсіби компьютерлік бағдарламалар сабағында оқу мақсаттарына сәйкес оқытудан күтілетін нәтижелер. Студенттердің үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды бағалау
	3.8 Жоба қорғау
4. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ	4.1 Оқу-тәрбие үдерісіндегі цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханалар
	4.2 Ақпараттық қауіпсіздік: ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау; электрондық цифрлық қолтаңба, мақсаты, қолдану алгоритмі
	4.3 Желілік әдістемелік бірлестіктер дизайн саласындағы педагогтердің кәсіби даму ресурсы ретінде
	4.4 Дизайндық білім беру саласында инновациялық технологияларды пайдалану
	4.5 Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау
5. ВАРИАТИВТІК	5.1 Оқу процесін ұйымдастырудағы ұстаным түрлері (Студентке бағдарланған ұстаным, құндылыққа бағытталған ұстаным, іс-әрекеттік ұстаным, қарым-қатынас ұстанымы, саралап оқыту ұстанымы және т.б.)
	5.1 Сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуде жасанды интелектінің мүмкіндіктерін қолдану жолдары
	5.2 Ойлау дағдысының деңгейлері, Ойлау дизайны технологиясын дамытудың дидактикасы
	5.2 Оқыту мен оқытудың тиімділігін арттыру үшін кеңістіктік-ұйымдастырушылық ортаны құру

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – дизайн саласындағы педагогтердің теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын компьютерлік бағдарламаларды пайдалану арқылы кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру тетіктері туралы білімді жүйелендіру;
- 2) Білім беру нәтижелерін бағалауда дизайн саласындағы оқыту мәселелері бойынша білімдерін жинақтау;
- 3) Дизайн саласының ерекшеліктерін ескере отырып, мамандықты оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын таңдаудың негізгі тәсілдерін анықтау;
- 4) Студенттерге бағытталған оқытудың тиімділігін қалыптастыру;
- 5) Кәсіби компьютерлік бағдарламалар негізінде дизайн саласындағы педагогтердің шығармашылық дағдыларын дамыту;
- 6) Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін құралдар кешенінің теориялық және практикалық негіздемесін кеңейту.

Күтілетін оқу нәтижелері

Курс соңында тыңдаушылар:

- 1) педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды *біледі және түсінеді*;
- 2) Білім беру нәтижелерін бағалауда дизайн саласындағы оқыту мәселелері бойынша білімдерін жинақтау және тереңдетуді *жүзеге асырады*;
- 3) Студенттердің қажеттілігіне сай білім беруде мамандықты оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын *қолданады*;
- 4) Студентке бағытталған білім беруде кәсіби компьютерлік бағдарламаларды тиімділігіне *талдау жасайды*;
- 5) Оқыту барысында сыни ойлауы мен шығармашылық дағдылары дамиды, білім беру саласында цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын *меңгереді*;
- 6) Кәсіби құзыреттілігін дамытуда сыни ойлау, критериалды бағалау мен рефлексиялау, білім беру ресурстарын қолдану дағдыларын *дамытады*.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) мазмұндық-процессуалдық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. Аталған модульде тыңдаушылар Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілеріндегі өзгерістер мен толықтырулар туралы мәлімет алады. Сонымен қатар, білім беру процесінде

психология мен педагогиканың заманауи әдістерін қолдану бойынша тыңдаушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған.

2-модуль. Басқарушылық. Білім беру процесінің цифрлану жағдайында дизайн саласындағы педагогтерді теориялық біліммен қаруландырып, практикалық тұрғыдан шыңдап, кәсіби құзыреттіліктерін және студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамыту көзделген.

3-модуль. Мазмұндық-процессуалдық.

Белсенді оқытудың басты белгілері – студенттің танымдық және шығармашылық белсенділік деңгейінің қарқынды жоғарылауын тұрақты дамытады. Оқытудың белсенді формалары мен әдістері студенттердің оқу материалын игеру кезеңдеріндегі іс-әрекеттерін ынталандырады және оқу процесін талқылау, жоспарлау, бағалау, сондай-ақ, топтық жұмыстарға белсене араласу жолдарына бағыттайды. Креативтілік және сыни ойлау арқылы студенттердің шығармашылық дағдылары қалыптасады. Студентке бағытталған оқыту бойынша оқу жетістіктері бағаланады.

4-модуль. Технологиялық. Технологиялық ұстаным негізінде сабақты жобалау жүзеге асырылады. Кәсіби компьютерлік бағдарламаларға негізделген оқу тапсырмаларын әзірлеуге машықтанады. Аталған модуль білім беру процесінде IT – құзыреттіліктерін дамытуға негізделген. Модуль білім беру процесінде IT – технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған.

5-модуль. Вариативтік. Бұл модульде оқу процесін ұйымдастырудағы ұстаным түрлерін тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін зерделенеді. Курстан кейінгі кезеңде өз тәжірибесінде қолдану барысында оқытудың тиімділігін арттыру үшін кеңістіктік-ұйымдастырушылық ортаны жобалайды.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Курстар төмендегідей режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды;

Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: дәріс, таңдау бойынша сабақ, практикалық жұмыс, тренинг, жоба қорғау.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс сауалнамасы қарастырылған, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында тестілеу және жоба қорғау өткізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

№	Тақырыбы	Деріс	Таңдау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	Жоба қорғау	Барлығы
1.	НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	2		2			4
1.1	Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары	2					2
1.2	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары			2			2
2	БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ	8			12		20
2.1	Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың теориялық аспектілері	2			2		4
2.2	Білім беру саласында қолданылатын «даму», «басқару», «ұйымдастыру» ұғымдарына тұжырымдамалық талдау				4		4
2.3	Оқу үдерісін ұйымдастыру мен басқарудағы педагогикалық дизайнның негізгі идеялары	2			2		4
2.4	Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздемесі	2			2		4
2.5	Дизайндық білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары	2			2		4

3	МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ МОДУЛЬ	10		16	10	6	42
3.1	Дизайндық білім беру саласында шығармашылық тәсіл негізінде сабақты жобалау тәсілдері	2			4		6
3.2	Дизайндық білім беру саласындағы сабақтарды инновациялық тұрғыдан құрылымдау әдістері				6		6
3.3	Студентке бағытталған оқытуда кәсіби компьютерлік бағдарламалар сабағы бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері			6			6
3.4	Креативтілік және сыни ойлау арқылы шығармашылық дағдыларын дамыту жолдары	2		4			6
3.5	Студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістер	2		2			4
3.6	Кәсіби компьютерлік бағдарламалар сабағында студенттердің қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру ерекшеліктері	2		2			4
3.7	Кәсіби компьютерлік бағдарламалар сабағында оқу мақсаттарына сәйкес оқытудан күтілетін нәтижелер. Студенттердің үлгерімін ағымдық, аралық және қорытынды бағалау	2		2			4
3.8	Жоба қорғау					6	6
4.	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ			4	6		10
4.1	Оқу-тәрбие үдерісіндегі цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханалар				2		2
4.2	Ақпараттық қауіпсіздік: ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау; электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану алгоритмі			2			2
4.3	Желілік әдістемелік бірлестіктер дизайн саласындағы педагогтердің кәсіби даму ресурсы ретінде			2			2
4.4	Дизайндық білім беру саласында инновациялық технологияларды пайдалану				2		2

4.5	Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау				2		2
5	ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ		2			2	4
5.1	Оқу процесін ұйымдастырудағы ұстаным түрлері (студентке бағдарланған ұстаным, құндылыққа бағытталған ұстаным, іс-әрекеттік ұстаным, қарым-қатынас ұстанымы, саралап оқыту ұстанымы және т.б.) Сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуде жасанды интелектінің мүмкіндіктерін қолдану жолдары		2				
5.2	Ойлау дағдысының деңгейлері, ойлау дизайны технологиясын дамытудың дидактикасы Оқыту мен оқытудың тиімділігін арттыру үшін кеңістіктік-ұйымдастырушылық ортаны құру					2	
Барлығы		20	2	22	28	8	80

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін модератор бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК-не енгізеді және олардың білімін бақылау мен бағалау нысанын лектордың таңдауы бойынша өзгертуге болады.

1) Жобаның мақсаты – осы біліктілікті арттыру бағдарламасының 2-5 модульдерін игеру қорытындысы бойынша бастауыш білім беру деңгейлері оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес алгоритмдерді қолдану нәтижелерін жоспарлау мен бағалаудың инновациялық тәсілдерін түсіну мен қолдануды бағалау.

Жобаны қорғау

Жобаның құрылымы

Жобалық жұмысты 4-5 мұғалім құрайды. Әр топ өз жобасын дайындайды. Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т.А.Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, пайдаланылатын көздер, негізгі проблеманың тұжырымдалуы мен қысқаша сипаттамасы).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе дәйекті түрде ашылады, көз материалдарында оны шешу жолдары қадағаланады, дәлелді позиция көрсетіледі, оған әртүрлі көзқарастар сипатталады және автордың оларға қатынасы көрсетіледі).

5) Қорытынды (жобаның ұсынылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің басты қорытындылары шығарылады, қорытылған қорытындылар жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Слайд түріндегі таныстырылым.

Жобаны бағалау тәртібі:

1. Теориялық және практикалық білім көлемі.

2. Тақырыптың жаңалығы мен өзектілігін ашу.

3. Креативтілік.

4. Нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдана білу.

5. Өз мәтіні мен презентациясын қисынды, тақырыпқа барабар жасай білу.

6. Шешендік қабілеттердің болуы.

Жобаны бағалау критерийлері

	Критерийлері	Балл	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Қойылған проблемалардың, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау: жүйелілік пен дәйектілік		
4	Мазмұнның жоба тақырыбына сәйкестігі: – мәселенің ашылу дәрежесі; – жоспарға сәйкестігі.		
5	Жұмыстың перспективалары: -жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; - жұмысты жалғастыру мүмкіндігі.		
6	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану		
7	Әр мүшенің белсенділігі		
8	Шешендік қабілеттілігі		

9	Сұрақтарға жауаптар		
10	Шығармашылық тәсіл		
	Балпы ұпай саны	30	

Жобалау жұмыстарының таныстырылымдарын бағалау үшін келесі өлшемдер бөлінеді:

«3» (өте жақсы) рейтингі 27-30 балл аралығында белгіленді.

«2» (жақсы) рейтингі 26-20 баллға сәйкес келеді.

«1» рейтингі (отыр.) Жалпы 19-11 баллға сәйкес келеді.

Жоба үшін максималды балл саны - 30 балл.

Жобамен жұмыс жасау кезеңдері:

1. Ізденушілік.

- жобаның тақырыбы мен мәселесін анықтау;
- мәселені іздестіру және талдау;
- жобаның мақсатын қою.

2. Аналитикалық

- бар ақпаратты талдау;
- жоба мәселесіне байланысты ақпарат іздестіру және талдау;
- жоба мақсатына жетудің оңтайлы тәсілдерін (баламалы шешімдерін) іздестіру, әрекет алгоритмін құру;

– жобаны жүзеге асырудың жоспарын құру: жұмыстың әр қадамын жоспарлау;

- ресурстарды талдау.

3. Практикалық

- жоспарланған технологиялық әрекеттерді орындау;
- сапаны ағымдық бақылау;
- қажетіне қарай құрылымы мен технологиясына өзгерістер енгізу.

4. Таныстырылымдылық (презентация)

- таныстырылымдық материалдарды дайындау;
- жобаның таныстырылымы;
- жобаның нәтижелерін (көрме, жобалар жиынына енгізу, жарияланым) қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.

5. Бақылау

- жобаны орындау нәтижелерін талдау;
- жобаны орындау сапасын бағалау.

9. Курстан кейінгі қолдау

Педагогтердің кәсіби өсуіне бағыт-бағдар көрсете отырып, тыңдаушылардың қажеттіліктеріне қарай әдістемелік қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, тренерлер пән оқытушыларының сабақтарына қатысып, талдау жасайды. Сабақтарды бақылау барысында басты назар оқытушылардың теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларына, студенттердің білім алу үдерісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандыра алуына аударылды. Іс-шара

аясында тренерлер әрбір оқытушыға тиімді кері байланыс жасап, оқытушылар қажетті әдістемелік көмектерін алады.

Сонымен бірге, оқытушылардың қажеттіліктеріне қарай шеберлік сыныптар мен тренингтер өткізіледі. Тренерлері жас мамандар мен жаңадан қабылданған оқытушыларға «Дизайндық мамандықтарға сабақ жүргізудің ерекшеліктері» тақырыбында тренинг өткізеді. Тренинг барысында тренерлер сабақтарда педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану тәжірибелерімен бөлісе отырып, қатысушылармен белсенді әр түрлі тапсырмалар орындайды. Сабақтарды жоспарлау мен өткізудің негізгі мәселелері талқыланады. Курстан кейінгі қолдау ретінде тренингтерден басқа облыстық, республикалық деңгейде семинарлар, дөңгелек үстел, вебинарлар, шеберлік сыныптар және байқаулар өткізіледі.

Курстан кейінгі қолдау бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі. Байланыс құралдары ретінде электронды пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және сервистер қолданылады.

1 кезең – куратордың (оқытушының) түрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram, Telegram Web, WhatsApp және т.б.), сервистерді (Google Meet, Zoom, Moodle және т. б.), Интернет – платформаларды қолдана отырып, консультациялар, онлайн іс-шаралар курсы өткізу;

2 кезең – пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүзеге асыру;

3 кезең – куратор (оқытушы) арқылы тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, республикалық деңгейдегі) сөз сөйлеу;
- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);
- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыс және т. б.);
- -республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та (мүмкін авторлық бірлестікте) ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

2) Кәсіби стандартты және ұлттық біліктілік тестін жетілдіру шеңберінде педагогтерді аттестаттаудан өтуге дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу – Нұр-Сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 98 б.

3) «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы, №133 бұйрығына қосымша «Педагогтің кәсіби стандарты [//https://atameken.kz/uploads/content/files/%D0%9F%D0%A1%20%D0%9F%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3_%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf](https://atameken.kz/uploads/content/files/%D0%9F%D0%A1%20%D0%9F%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3_%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf) 06.02.2020.

4) Нурғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: дис. ... док. пед. наук. - Алматы, 1993. - 375 с.

5) Кенжебеков Б.Т. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе высшей школы: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. - 2005. - 405 с.

6) Сейтешев А.П., Абдиқаримов Б.А. Научные основы профессионально-технической педагогики/под ред С.Я. Батышева. – Алма-Ата: Казахпрофтехконтакт, 1993. – 431 с.

7) Исаева З.А. Формирование профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 1997. – 47 с.

8) Илларионов С.В. Педагогические условия подготовки школьников к творческой деятельности // Подготовка учащихся к труду и выбору профессии: темат.сб.науч.тр. / отв.ред. Г.А. Уманов. – Алма-Ата: КазПИ им. Абая, 1989. – 187 с.

9) Нұрахметов Н.Н., Ахтазина Б.К. Шоғарландырып-қарқынды оқыту технологиясына сай зертханалық жұмысты ұйымдастыру//ҚазҰУ Хабаршысы. Химия сериясы. - 2014. - №1(73). – Б. 100-104.

10) Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы: НИЦ «Ғалым», 2001. – 295 с.

Қосымша әдебиеттер:

1) Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.А. Оқытудың педагогикалық технологиясы. – Алматы: РБК, 1999. - 156 б.

2) Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: автореф. ... док. пед. наук. - Алматы, 1994. - 52 с.

3) Кобдикова Ж.У. Трехмерная методическая система обучения – основа формирования функциональной грамотности учащихся // Международный журнал экспериментального образования. - 2013. - №11. - С. 19-25.

4) Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері: оқу құралы. - Алматы: Білім, 2019. – 424 б.

5) Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. - Алматы, 2015. – 196 б.

6) Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.01. – Алматы, 2010. – 345 б.

7) Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 232 б.

8) Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. - Алматы, 2014. – 166 б.